«Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Міг» балабақшасының
# №1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 12 қыркүйек 2025 жыл
Өткізілген орны: «Міг» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Төрağа: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Рахатова А.Б

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары.
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Жаңадан келген педагогтар мен жас мамандар үшін педагогикалық этика қағидаларын зерттеу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша кеңес төрағасы Жиенбаева М.Б. сөз сөйлеп, педагогикалық әдептің негізгі нормалары, педагогтің кәсіби қызметіндегі әдептілік қағидалары, әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2-мәселе бойынша педагогтің сыртқы келбетіне қойылатын талаптар қаралды. Балабақша меңгерушісі Едигина Ж.О. Педагогтің қызметтік этикаға сәйкес ұқыпты, жинақы киінуі, сөйлеу мәдениетін сақтауы және жағымды имидж қалыптастыру мәселелері талқыланды.

3-мәселе бойынша , балабақша әдіскері сқз сөйлеп. Жаңадан келген педагогтар мен жас мамандарға педагогикалық этика қағидаларын меңгерту, әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Балалармен, ата аналармен сөйлесу және өзін өзі ұстау бойынша айтып өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Барлық педагог қызметкерлер педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтасын.
2. Педагогтердің сыртқы келбеті мен мінез-құлық мәдениеті ұйымның ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес болсын.

Сканировано с CamScanner

3. Жас мамандарға педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру бойынша тәлімгерлер бекітілсін.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

Хаттама Төрағасы: Жиенбаева М.Б

Хаттама хатшысы: Рахатова А.Б

Сканировано с CamScanner

«Mir» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Mir» балабақшасының
**№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 14 қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: «Mir» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Рахатова А.Б

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

2. Ішкі тәртіп ережелері арқылы педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша, пед әдеп төрағасы балабақша құрылтайшысы Жиенбаева М.Б сөз сөйледі. педагогтердің сөйлеу мәдениеті, ресми қарым-қатынас жасау әдебі, ата-аналармен және әріптестермен сөйлесу барысында этикалық нормаларды сақтау мәселелері қаралды. Педагогтар қандай жағдай болмасын, өз педагогикалық мәртебелерін жоғалтпай, әрқашан өзін ұстай білуі қажет екені айтылды. Және осы сұрақ бойынша педагогтарға ситуациялық сұрақтар қойылып өтті.

2-мәселе , балабақша меңгерушісі Едигина Ж.О. сөз сөйледі. Барлық педагогтерді ішкі еңбек тәртібімен таныстырып өтті. Және осы сұрақ бойынша ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы, педагогикалық әдеп талаптарын бұзудың алдын алу шаралары талқыланды. Ішкі еңбек тәртібі жалпыға міндетті және талап бойынша жұмыс жасалатынын айтылды.

Сканировано с CamScanner

ҚАУЛЫ:

1. Педагогтер сөйлеу мәдениетін үнемі жетілдіріп отырсын. Әрқашан даму үстінде болсын! Ұжымда педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуы бақылауға алынсын.

2. Ішкі тәртіп ережелерін бұзу жағдайларының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Хаттама Төрағасы: Жиенбаева М.Б

Хаттама хатшысы: Рахатова А.Б

Центр развития дошкольников Mir

Сканировано с CamScanner

«Mir» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Mir» балабақшасының

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15 қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: «Mir» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Рахатова А.Б

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары.

2. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.

3. Педагог бейнесі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Едигина Ж.О. сөз сөйледі. Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары тағы бір рет түсіндіріліп, қызметтік міндеттерді орындаудағы жауапкершілік мәселелері қаралды. Әдеп қағидаоарының бұйрығы мен жасалатын жұмыс міндеті таныстырылды.

2-мәселе бойынша, балабақша әдіскері Асадуллина Р.Р. сөз сөйлеп, фотосуреттер бойынша жалпылама ақпарат беріп өтті. Және әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында фотосуреттер мен бейнематериалдарды жариялау кезінде этикалық талаптарды сақтау туралы айтылды. Ата -аналардың рұқсаты,баланың қауіпсіздігі толық жеке сақталуы қажет екендігі айтылды.

3-мәселе бойынша, балабақша тәрбиешісі Мұсабек Жұлдыз сөз кезегін алды. Балабақшадағы педагогтің кәсіби имиджі, сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері және қоғамдық ортадағы мінез-құлқы қандай болуы керектігі жөнінде

Сканировано с CamScanner

айтылды. Балабақша педагогының кәсіби иммиджі бойынша презентация көрсетіліп, салыстырмалы түрде толық ақпарат берілді. Әр педагог өзін жоғары дәрежелі маман ретінде көрсету үшін, киімі,сойлеу мәнері барлығы соған сай болу керектігі айтылды.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жалғастырылсын.

2. Жеке мәліметтерді жариялау кезінде заңнамалық және этикалық талаптар сақталсын.

3. Педагогтердің оң кәсіби бейнесін қалыптастыру жұмыстары жүргізілсін.

Хаттама Төрағасы: Жиенбаева М.Б

Хаттама хатшысы: Рахатова А.Б

Сканировано с CamScanner

«Miг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Miг» балабақшасының
**№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 18 наурыз 2026 жыл
Өткізілген орны: «Miг» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Рахатова А.Б

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өзінді-өзің тәрбиелеу жолдары.

2. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

3. Педагогикалық ұжымда педагогикалық әдепті сақтау мәселелері бойынша сауалнама жүргізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша, балабақша құрылтайшысы Жиенбаева М.Б. сөз кезегін алды. педагогтердің кәсіби және тұлғалық дамуы, өзін-өзі жетілдіру жолдары қарастырылды. Кәсіби деңгейде даму үшін семинарларға, біліктілік арттыру курстарына және конкурстарға қатысу қажеттігін айтты. Педагогтар өз деңгейін жоғарылытып, некүрлым балалармен жаңа форматта жұмыс жасаса, сол уақытта өз еңбектерінің нәтижесін көреді деді.

2-мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Едигина Ж.О сөз сөйледі. Қазіргі таңда интернет ресурстары кеңінен дамыған заман. Жан жақты қызықты сайттар мен интернет ортасы бар. Және осы заманның талабына сай педагогтерде өз деңгейінен қалыспауы керек. Алайда, жаңашыл бағыт деп педагог әлеумттік ортада өзінің негізгі әдебі мен мақсатын ұмытпауы қажет. Қандай жағдай болмасын тақырыбына, жоспарына сай жұмыс жасап, әдепті

Сканировано с CamScanner

сақтауымыз керек деді. Сонымен қатар педагогтар қоғамдық ортадағы өз орны мен статусын нақты және дәлелді сақтауы керек. Артық өзіне қатысты емес сөздерден абай болуы керектігі айтылды. Әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындарда педагогтің мінез-құлқы мен жауапкершілігі туралы айтылды.

3-мәселе бойынша, балабақша тәрбиешісі, жас маман Шамбарова А.К. педагогикалық әдепті сақтау мәселелеріне қатысты сауалнама жүргізді. Барлық педагогтармен сауалнама өткізілді.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогтер өзін-өзі дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізсін.
2. Әлеуметтік желілерде педагогикалық этика талаптары сақталсын.
3. Педагогикалық әдеп мәселелері бойынша сауалнама жүргізілсін және нәтижелері келесі отырыста қаралсын.

Хаттама Төрағасы: Жиенбаева М.Б

Хаттама хатшысы: Рахатова А.Б

Центр развития дошкольников

180440040080

Сканировано с CamScanner

«Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Міг» балабақшасының
## №5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 12 мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: «Міг» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Рахатова А.Б

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық ұжымда педагогикалық әдепті сақтау мәселелері бойынша сауалнама нәтижелерін талдау.

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмыс қорытындысын талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Шамбарова А.К өткен №4 педагогикалық әдеп кеңесіндегі жүргізілген сауалнама бойынша нәтижелері таныстырылып, ұжымдағы педагогикалық әдептің сақталу деңгейі талданды.

2-мәселе бойынша, балабақша құрылтайшысы, төраға Жиенбаева М.Б. сөз сөйледі. Балабақшадағы 2025-2026 оқу жылының педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмысына қорытынды жасалып, атқарылған іс-шаралардың тиімділігі бағаланды. Барлық педагогтерге алғысын айтып, барлық ұжым өз дәрежесінде жұмыс жасағанына рахмет айтылды.

Сканировано с CamScanner

ҚАУЛЫ :

1. Сауалнама нәтижелері педагогикалық ұжым назарына ұсынылсын.
Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.

3. 2025–2026 оқу жылындағы Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын!

Хаттама Төрағасы: Жиенбаева М.Б

Хаттама хатшысы: Рахатова А.Б

Сканировано с CamScanner